

Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 наурыздағы N 97 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 16 наурызда N 5-15-100 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 02 желтоқсандағы N 347 қаулысымен. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 02 желтоқсандағы N 347 қаулысымен

Ескерту. . Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 02.12.2014 N 347 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына сәйкес Көкпекті аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін:

аудан аумақтарын көріктендіру және жинау.

2. «Көкпекті ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» мемлекеттік мекемесімен келісу бойынша қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К.Р. Смаиловаға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Д. Мусин
Келісілді:	
«Қазақстан Республикасының	

<i>Ішкі істер Министрлігінің</i>	
<i>Қылмыстық-атқару жүйесі</i>	
<i>комитетінің Шығыс Қазақстан</i>	
<i>облысы бойынша Қылмыстық-атқару</i>	
<i>жүйесі департаменті</i>	
<i>мемлекеттік мекемесі бастығының</i>	
<i>міндетін атқарушы</i>	<i>Н. Мухамеджанов</i>

2012 жылғы 02 наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК